

«Сақшы» №22 (4092)19.03.15ж.

Көктемнен тілек

Көктем үні керемет шарықтасын,
Жырым ұшсын, талмасын, қалықтасын
Құстар әнін салғанда тамсандырып,
Жырлаудан жас жүрегім жалықпасын.
Мен арнайын тағы да жүйелі өлең,
Жарысқанда құлын шіркін биіменен
Наурыз гүлдің шыққанын көрген кезде,
Өзімше бір бақытты иеленем.
Жақсымен тауып жарасым,
Бақыттың білсін бағасын
Құдайым өзің сақташы,
Қара көз қазақ баласын
Ынтымақпен жарасып,
Аман болсын, Алашым

Тельман Құдайберген
Қазақстан Республикасы ІІМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
2 курс тыңдаушысы